**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Құрастырушы-автор:**
**Атаева Акмарал Буркитовна**

# Авторлық әдістемелік жинақ «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту»

**2021 жыл**

***ӘОЖ 37.02 (37)***
***КБЖ 369 ҚАЗ***
***Қ 52***

***Рецензенттер:***

А. Қ. Калиева - педагогикалық шеберлік орталығының бас маманы
Г.Б.Туребекова - педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджері

**Атаева А.Б.**

**Қ 52** «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» авторлық әдістемелік жинақ /Атаева Акмарал Буркитовна//– Алматы: «Зияткер», 2021 ж. – 44 бет

**ISBN 978-3-40000-829-6**

Қоғамның қазіргі кезеңінен туындап отырған сұранысқа орай анықталған мақсаттар мен міндеттер «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» бағдарламасында басшылыққа алынды. Бағдарламаны жасау барысында оқушылардың білім, білік, дағдыларын, оқу тапсырмаларын деңгейлей орындай отырып, көтеру ескерілген Бағдарламада ұсынылған көркем шығармалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес іріктеліп алынды. Әр тарауда берілген тақырыптар арқылы оқушылар жаттауға, әңгімелеуге, мәнерлеп оқуға, сурет бойынша әңгіме құрауға, сұрақ тапсырмаларға ойланып жауап жазуға, жұмбақтар мен сөзжұмбақтарды дұрыс шешуге және мақал – мәтелдер, жаңылпаштар жаттап дағдыланады. Аталған жұмыстарды орындау барысында тиісті нәтижелерге жету үшін оқытудың бірнеше формалары ( жеке, жұптық, топтық) мен тиімді әдіс-тәсілдері (дидактикалық ойын, көрнекілік, сөйлеу, түсіндіру, сюжеттік ойын, ) ұсынылады.

Бір сөзбен айтқанда, бағдарламада оқушылардың оқу жұмысына педагогикалық тұрғыдан жетекшілік етуге ыңғайлы жүйе жасалған. Ең бастысы, оқушылар тапсырмаларды орындай отырып, өз беттерінше жұмыс істеуге үйренеді.

Қазақстан Республикасының жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру мұғалімдері үшін оқу-әдістемелік орталығы комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды, жұмыс республика мұғалімдеріне таратуға ұсынылды. 2021 жылғы 15 қараша №23 хаттама.

***ӘОЖ 37.02 (37)***
***КБЖ 369 ҚАЗ***

9 783400 008296

**ISBN 978-3-40000-829-6**

**© Атаева А.Б., 2021 ж.**
**© «Зияткер». 2021 ж.**

***ӘОЖ 37.02 (37)***
***КБЖ 369 ҚАЗ***
***Қ 52***

**Атаева А.Б.**

**Қ 52** «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» авторлық әдістемелік жинақ /Атаева Акмарал Буркитовна//– Алматы: «Зияткер», 2021 ж. – 44 бет

**ISBN 978-3-40000-829-6**

Қоғамның қазіргі кезеңінен туындап отырған сұранысқа орай анықталған мақсаттар мен міндеттер «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» бағдарламасында басшылыққа алынды. Бағдарламаны жасау барысында оқушылардың білім, білік, дағдыларын, оқу тапсырмаларын деңгейлей орындай отырып, көтеру ескерілген Бағдарламада ұсынылған көркем шығармалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес іріктеліп алынды. Әр тарауда берілген тақырыптар арқылы оқушылар жаттауға, әңгімелеуге, мәнерлеп оқуға, сурет бойынша әңгіме құрауға, сұрақ тапсырмаларға ойланып жауап жазуға, жұмбақтар мен сөзжұмбақтарды дұрыс шешуге және мақал – мәтелдер, жаңылпаштар жаттап дағдыланады. Аталған жұмыстарды орындау барысында тиісті нәтижелерге жету үшін оқытудың бірнеше формалары мен тиімді әдіс-тәсілдері (дидактикалық ойын, көрнекілік, сөйлеу, түсіндіру, сюжеттік ойын) ұсынылады.

Бір сөзбен айтқанда, бағдарламада оқушылардың оқу жұмысына педагогикалық тұрғыдан жетекшілік етуге ыңғайлы жүйе жасалған. Ең бастысы, оқушылар тапсырмаларды орындай отырып, өз беттерінше жұмыс істеуге үйренеді.

**© Атаева А.Б., 2021 ж.**
**© «Зияткер». 2021 ж.**

# Түсінік хат

Тіл - адамның бір – бірімен пікір алысу, қарым - қатынас жасайтын құралы, тілдің қоғамдағы қызметі ерекше. Таза, мәнерлі тіл ойлау жүйесі. Баланы ана тіліне дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойына тілдік мәдениетті қалыптастырады. Баланы тілдік мәдениетке тәрбиелеу отбасының, мектептің қажырлы еңбегінің арқасында жүзеге асады.

Қоғамның қазіргі кезеңінен туындап отырған сұранысқа орай анықталған мақсаттар мен міндеттер «Сөйлеуді дамыту» бағдарламасында басшылыққа алынды. Бағдарламаны жасау барысында оқушылардың білім, білік, дағдыларын, оқу тапсырмаларын деңгейлей орындай отырып, көтеру ескерілген Бағдарламада ұсынылған көркем шығармалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес іріктеліп алынды. Әр тарауда берілген тақырыптар арқылы оқушылар жаттауға, әңгімелеуге, мәнерлеп оқуға, сурет бойынша әңгіме құрауға, сұрақ тапсырмаларға ойланып жауап жазуға, жұмбақтар мен сөзжұмбақтарды дұрыс шешуге және мақал – мәтелдер, жаңылпаштар жаттап дағдыланады. Аталған жұмыстарды орындау барысында тиісті нәтижелерге жету үшін оқытудың бірнеше формалары (жеке, жұптық, топтық) мен тиімді әдіс-тәсілдері (дидактикалық ойын, көрнекілік, сөйлеу, түсіндіру, сюжеттік ойын) ұсынылады.

Бір сөзбен айтқанда, бағдарламада оқушылардың оқу жұмысына педагогикалық тұрғыдан жетекшілік етуге ыңғайлы жүйе жасалған. Ең бастысы, оқушылар тапсырмаларды орындай отырып, өз беттерінше жұмыс істеуге үйренеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» бағдарламасы аптасына 1-сағаттан жылына 34 сағатты қамтиды. «Әдебиеттік оқу» пәнін «Сөйлеуді дамытуда» тереңдетіп оқытуға дайындау үшін «Отан отбасынан басталады», «Әдептілік әдемілік», «Ертегілер елінде», «Халық ауыз әдебиеті», «Ойнайық та ойлайық» деген бөлімдер қайта қарастырылады.

Жас ұрпақты қазақ тілінің нәрімен сусындатып, адамгершілігі жоғары, талғамы биік азамат қалыптастырудағы қиындығы мен қуанышы қатар жүретін ұстаздық еңбегіңізге сәттілік тілеймін!

**«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» бағдарламасының басты мақсаты:**

Оқушыларға көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсініп оқуы, санасында қайта жаңғыртуы және шығармадан алған білімін өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

**«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» бағдарламасының басты мақсаты:**

- оқушының өзіндік ой – пікірін қалыптастыру;
- көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;
- оқушының әдеби сауаттылығы мен теориялық білімді ұштастыра білуіне қол жеткізу;
- көркем сөзді оқу барысында орфоэпиялық заңдылықтарды үйрету;
- оқу сапасын (дауыстап, іштей, түсініп,мәнерлеп, болжап, көз жүгіртіп) жетілдіру;
- коммуникативтік (айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым) дағдыларын қалыптастыру:
- сыни ойлауын жетілдіру;
- мәтін мазмұнына , тақырыпқа сәйкес жазба жұмыстарын орындай алуға,рөлдік, сюжеттік ойындарды, сахналық қойылымдарды қоя білуге үйрету;
- оқылған шығарманың сюжетінің ізімен ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін орындауға дағдыландыру;
- шығарманың түпкі мазмұның – мәнін түсінуі, кейіпкердің ерекшеліктерін аша білуге бағыттау.

**Күтілетін нәтиже:**

Оқушылар өз бетінше оқуға, жеке тапсырма орындауға, топпен жұмыс жүргізуге, ұжымдық жұмыстарға үйренеді. Шығармашыл жеке тұлға қалыптасады

**Оқушылардың бағдарламаны меңгеру талаптары:**

Бағдарламаны жүзеге асыру стратегияларын оқушылардың меңгеруі тиіс.әдебиеттік оқу пәні бойынша жасалған бұл бағдарламада оқушының қажетті білім алуына, ауызекі сөйлеуін дамытып, ойын көркем сөз өрнектерімен жеткізу барысында жүзеге асады.

**«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» бағдарламасына қойылатын талаптар:**

- тақырыптық жүйемен берілген тапсырмаларды орындай білуі тиіс;
- тілдегі дыбыстарды анық, таза, дұрыс айтып, бір- бірінен ажырата білуі тиіс;
- мәтін мазмұнына , тақырыпқа сәйкес жазба жұмыстарын орындай алуы тиіс;
- рөлдік, сюжеттік ойындарды, сахналық қойылымдарды қоя білуге;
- өз ойларын еркін, дәлелді түрде айтуды;
- логикалық байланыс;
- мәтіндегі оқиғаны өз ойынша аяқтап жазу;
- мәтін мазмұны бойынша сурет салу;
- шығарма бойынша жоспар құру;
- мәтін мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту;
- мәтіндегі оқиғаларды , іс-әрекетті салыстыра талдай алу;

**Оқу бағдарламасының тақырыптық мазмұны**

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» бағдарламасы, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатты қамтиды.

*Бағдарлама төмендегідей 5 бөлімнен тұрады:*

## I тарау. Отан отбасынан басталады. 4 сағат

Бұл тарауда оқушыларды елін, жерін сүюге, қадірлеуге үйретіп,Отанын қорғауға дайын болуға үндеп, өз халқына деген мақтаныш сезімін оятуға тәрбиелейді.

## II тарау. Әдептілік әдемілік. 9 сағат

Бұл тарауда - балалар бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін дарытады.Оларды адамдар арасындағы түрлі қарым – қатынасты сезіне білуге тәрбиелейді

## III тарау. Ертегілер елінде. 8 сағат

Бұл тарауда оқушылар жақсы мен жаман қасиеттерді айыра білуге,дұрыс сөйлеуге, өз ойын дұрыс жеткізуге үйреніп, арман қиялын оятып шығармашылығын дамытады,

## IҮ тарау Халық ауыз әдебиеті 8 сағат

Бұл тарауда оқушылар дұрыс сөйлеуге, тіл дыбыстарын анық айтуға ұшқырлыққа, шапшаңдыққа, алғырлыққа үйренеді. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні- мақал- мәтел» екенін біледі.

## Ү тарау. Ойнайық та ойлайық. 5 сағат

Бұл тарауда оқушылар логикалық ойлауға, шығармашылықпен жұмыс істей алуға үйренеді. Әр түрлі сөзжұмбақтар мен қызықты тапсырмаларды орындау арқылы зейіні дамиды.

**«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» бағдарламасының оқу тақырыптық жоспары**

**Барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағат**

| № | р/с | Сабақ тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | **І тарау Отан отбасынан басталады** | **4 сағат** | |
| 1 | 1 | Менің отбасым | 1 | |
| 2 | 2 | Отан деген ... | 1 | |
| 3 | 3 | Туған жерім-Қазақстан | 1 | |
| 4 | 4 | Астана – арман қала | 1 | |
| | | **ІІ тарау Әдептілік әдемілік** | **9 сағат** | |
| 5 | 1 | Сыпайылық деген не? | 1 | |
| 6 | 2 | Тәкәппарлық | 1 | |
| 7 | 3 | Еңбек- түбі береке | 1 | |
| 8 | 4 | Әдепті бала- арлы бала | 1 | |
| 9 | 5 | Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | 1 | |
| 10 | 6 | Мейірімділік-асыл қасиет | 1 | |
| 11 | 7 | Үлкенге –құрмет, кішіге-ізет. | 1 | |
| 12 | 8 | Денсаулығым- байлығым | 1 | |
| 13 | 9 | Әдептiліккке байланысты ырымдар мен тыйымдар | 1 | |
| | | **ІІІ тарау Ертегілер елінде** | **8 сағат** | |
| 14 | 1 | Әтеш пен түлкі | 1 | |
| 15 | 2 | Бір үзім нан | 1 | |
| 16 | 3 | Алтын санаған аштан өледі | 1 | |
| 17 | 4 | Үйшік | 1 | |
| 18 | 5 | Алма | 1 | |
| 19 | 6 | Жалқау қоян | 1 | |
| 20 | 7 | Ақылды етікші | 1 | |
| 21 | 8 | Құламерген | 1 | |
| | | **ІҮ тарау Халық ауыз әдебиеті** | **8 сағат** | |
| 22 | 1 | Жаңылтпаштар айтып жарысайық | 1 | |
| 23 | 2 | Жұмбақ шеше білейік | 1 | |
| 24 | 3 | Жан-жануар туралы жұмбақтар | 1 | |
| 25 | 4 | Өтірік өлеңдер | 1 | |
| 26 | 5 | Бесік жырын жаттайық | 1 | |
| 27 | 6 | Мақал мәтелдер | 1 | |
| 28 | 7 | Шешендік сөздер | 1 | |
| 29 | 8 | Төрт түлігім-ырысым | 1 | |
| | | **Ү тарау. Ойнайық та ойлайық** | **5 сағат** | |
| 30 | 1 | Ойлан,тап! | 1 | |
| 31 | 2 | Сөзжұмбақтар елінде | 1 | |
| 32 | 3 | Шығармашылығыңды шыңда | 1 | |
| 33 | 4 | Айырмашылығын тап | 1 | |
| 34 | 5 | **Біліміңді тексер** | 1 | |

## Білімді меңгеру деңгейін тексеру

Оқушылардың білім, білік дағдысын тексеру оқу үрдісінің негізгі кезеңі болып табылады. Мен оқушылардың білім, білік дағдыларын форматифті бағалауды қолданамын. Формативті бағалау әдістерінің басты ерекшелігі оқушылардың түсіну қабілетін бағалауда, сондай-ақ оқушылардың аналитикалық құралдар мен мысалдарды қолдануында танымдық прогресін анықтайды. Мұндай бағалаудың қорытындыларын оқыту деңгейін жаксарту барысында қолдануға болады

Адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі. Оқушының күнделікті сабақты қалай меңгергенін бақылап отыруда өте маңызды мәселенің бірі. Бүгінгі таңда жиі қолданылып жүрген бірнеше кері байланыс түрлерін қолданып отырамын.

**«Алма ағашы» әдісі.** Оқушыларға сабақ басында екі түсті “алма” беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бәрін жақсы орындадым . Көңіл – күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл – күйім жоқ дегенді білдіреді. Осылайша оқушылардың сабақты қалай меңгергенін анықтап аласыз.

**«Кемпірқосақ» әдісі.** Оқушылар тақтадағы кемпірқосақ суретіне есімдері жазылған стикерді желімдейді. Олар ең төменгі күлгін түстен ең жоғары орналасқан қызыл түске дейін стикерді желімдеу арқылы өздерінің сабақтағы түсінік (немесе көңіл-күй) деңгейін білдіреді.

- Күлгін түс – алаңдаушылықты білдіреді, көңіл-күйі түсіңкі;
- Бозғылт түс – бала өз мүмкіншіліктерін ашпайды, оны бір нәрсе шектейді, қобалжуды тоқтады;
- Көк түс – мұңлы, бәсең көңіл-күй, шаршау, дем алғысы келетінді меңзейді;
- Жасыл түс – белсенділік, сонымен бірге бұл түсті тым көп қолданса, баланың қорғансыздығын көрсетеді, оның қорғаныш іздейтіндігін білдіреді;
- Сары түс – сабырлық түсі (қуаныш түсі) алайда бұл түске тым көп көңіл бөлу баланың бәсең бола бастағанын көрсетеді;
- Қоңыр түс – бәсең, алаңдаушылық пен өзіне-өзі сенбеушілікті көрсетеді.
- Қанық қызыл, алқызыл түс – агрессия, ашу, толқығанды білдіреді;

**«Бір сөзбен» әдісі**. Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдап алады. • Төзімсіздік, Ашу, Қуаныш, Немқұрайлылық, Қанағаттану, Шабыт, Зерігу, Алаңдау, Тыныштық, Сенімділік, Сенімсіздік, Рахаттану.

**«Табыс сатысы» әдісі.** Кәдімгі сатының суреті, сатының:

- 1 - баспалдағы Мен… БІЛЕМІН
- 2 - баспалдағы Мен… ТҮСІНЕМІН
- 3 - баспалдағы Мен… ЖАСАЙ АЛАМЫН

**«5 саусақ» әдісі**

- Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызық
- Балан үйрек – маған түсініксіз болды
- Ортан терек – маған жеткілікті болмады
- Шылдыр шүмек – менің көңіл күйім
- Кішкене бөбек – менің ұсынысым

<table>
<tr><td colspan="2">Сабақ: №1</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақтың тақырыбы: Менің отбасым.</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td>Қатысқандар:</td><td>Қатыспағандар:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып:</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</td><td colspan="3">Отбасы құндылықтары туралы түсінеді.<br>Өз отбасының суретін салады<br>Оқудың түрлерін (түсініп оқу) қолдану.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td colspan="3">Мақал мәтелді жатқа айтады<br>Суретпен жұмыс жүргізеді<br>Сөйлем құрайды. Отбасы суретін салады.</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаты:</td><td colspan="3">1. Барлық оқушылар: Отбасы құндылықтарын айтады.<br>2. Оқушылардың басым бөлігі: Сурет бойынша сөйлемдер құрайды, мәтінді оқи алады.<br>3. Кейбір оқушылар: Отбасы мүшелерін сипаттайды, мәтінді талдайды.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Тілдік мақсат</td><td colspan="3">Оқиғаны болжау.<br>Оқу түрлерін қолдану</td></tr>
<tr><td colspan="3">Түйінді сөздер мен сөз тіркестер Отбасы- семья- famili</td></tr>
<tr><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td colspan="3">Талқылауға арналған сұрақтар:<br>1. Отан неліктен отбасынан басталады?<br>2. Отбасын кім басқарады?<br>3. Қандай құндылықтарды білесің</td></tr>
<tr><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td colspan="3">Ишара: қызыл түс – түсінбедім, сары түс – көмек керек, жасыл түс - тамаша</td></tr>
<tr><td>Алдынғы оқу:</td><td colspan="3">Менің отбасым.<br>Тірек сөздерден мәтін құрастыру.</td></tr>
<tr><td colspan="4">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт есебі</td><td colspan="2">Жоспарланған жаттығу түрлері (төмендегі жазбаларды сіз жоспарлаған жаттығу түрлерімен ауыстырыңыз)</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Басы</td><td colspan="2">Психологиялық ахуал<br>Оқушылар бір – бірімен амандасып, сәттілік тілейді.<br>- Біз қандаймыз, қандаймыз?<br>Талабы биік таудаймыз,<br>Самғаймыз, биік самғаймыз, Екілікті алмаймыз.<br>Әдептіміз, білімдіміз<br>Мақсатымыз - білім алу,<br>Міндетіміз - еңбектену<br><br>Топқа бөлу</td><td></td></tr>
<tr><td>Ортасы</td><td colspan="2">1. Суретпен жұмыс.<br>Бейнежазба қолдану<br>«Отбасы » туралы</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Оқулықпен жұмыс. Отбасы – бала тәрбиелеудің және оны қоғамның сан қырлы жақтарын игеруіне мүмкіндік туғызатын ең алғашқы әлеуметтік орта. Бала отбасында өмірдің мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады, өзін-өзі ұстаудың нормалары мен мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Демек, отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды<br>2.<br>.<br><br>1-топ .Суретте кімдер бейнеленген? Құраған әңгімеңе қандай ат қояр едің<br><br>2-топ. Отбасы туралы не білесіңдер?<br><br>3-топ. Сендер аналарыңа қалай көмектесесіңдер?<br><br>**Әр топ құраған әңгімесін дәптерге жазады.**<br>Кері байланыс Ыстық картоп<br><br>**2.Мақалды жатқа жаз.**<br><br>Ас – адамның арқауы.<br>Отан отбасынан басталады.<br>**3. Бос орынға«*Менің отбасым*» тақырыбына сурет сал.. Шығармашылық жұмысыңды қорға.**<br><br>**(әр топ өздері салған суреттерін қорғайды)**<br>**Дескриптор**<br>1.Отбасын суреттеп салады<br>2.Әңгімелейді<br>3.Мазмұнын аша алады<br>4.Өз анасы жайында әңгімелей алады.<br>**4.Топтастыр**<br> | **vidos.cc›**<br><br>video/E28nqFq0MEg<br><br><br><br>Постер оргайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Кері байланыс Ыстық картоп<br><br>**Сергіту сәті**.<br>Мен қазақпын | |
| **Соңы** | <br>**Кері байланыс** | |

| **Қосымша мәліметтер** | | |
|---|---|---|
| Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТмен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі) |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ№2** | | **Мектеп :** |
| **Сабақтың тақырыбы: Отан деген....** | | **Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Күні:** |
| СЫНЫП: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: |
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | Отан туралы түсінік алып. Отан сөзінің не екенін кеңінен ұғынады.<br>Өз ойын толық жеткізуге дағдыландыру | |
| **Сабақ мақсаты:** | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** Отан туралы түсінеді. Мәтіннің негізгі идясын біледі<br>**Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** Отан сөзінің не екенін кеңінен ұғынады. Мәтіннің негізгі идясын ашады<br>**Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**: Отан туралы түсінік алып. Отан сөзінің не екенін кеңінен ұғынады.Өз ойын толық жеткізуге дағдыланады. | |
| Бағалау критерийі | Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту | |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. | |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. | |
| Сабақтың жоспары | | |
| Жоспарланған уақыт | Сабақ барысы : | Бағалау түрлері |
| **Сабақтың басы** | Ұйымдастыру кезеңі<br>Қуан ,шаттан! Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін, | **Гүлдер** |

| | | |
|---|---|---|
| | Баршаңызға, қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>Топқа бөлемін : **«Көк және сары қызыл түсті гүлдермен »** топқа бөлінеді.<br>1-топ –Күн<br>2- топ –Аспан<br>3-топ- Жұлдыз<br>Неге бұл гүлдің түстері осындай? Ненің түстеріне ұқсайды?<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Туған жер» әні**<br>Мақсаты: қатысушылардың көңіл-күйін көтеру, жағымды эмоция туғызу.<br>**«Отан» туралы видеоролик көрсету** | **арқылы топтарға бөлу.**<br>Тренинг.<br><br>https://yandex.kz/video/search |
| Жаңа тақырып | **Білу және түсіну**<br>**Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.**<br>1. **Мәтінді оқы.**<br>Бірде мектептің алдында сыныптастарыммен әңгімелесіп отырып, сөз таластырып қалдық.<br>- Біздің көше ауылдағы ең әдемі көше, жып-жылтыр асфальт төселген,- деді Мәдина.<br>- Ешбір көше біздің көшеге жетпейді. Көшеміз кең, жарық - деді Әсел.<br>- Біздің көшенің жиегінде жап-жасыл ағаштар тізіліп тұр. Тіпті өзіңді саябақта жүргендей сезінесің,- деп мақтанышпен сөйледі Меруерт.<br>- Қойыңдаршы, қыздар, бірде-бір көшенің ерекшелігі жоқ. Бұл бір кішкентай ауыл ғой - деп қабақ шытты Салтанат.<br><br>Кенет өткір мінезді Самалдың қатқыл үні бәрімізді елең еткізді.<br><br>- Неге, неге олай дейсің, Салтанат?! «Отан» деген құдіретті ұғымның өзі осы ауылыңнан, өз көшеңнен басталмай ма? Өз көшеңді сүймесең, оны мақтан тұтпасаң, Отаныңды қалай сүйесің?- деді ол.<br>**2.Сұрақтарға жауап бер.**<br><br>**1-топ.**Самалдың сөзінен кейін Салтанат қандай күйде болды деп ойлайсың? Неліктен?<br><br>**2-топ.**Мәтіннен қандай ой түйдің?<br><br>**3-топ**. Сіздің ойыңызша, «Отан» деген не? | Оқулық, мәтіндер.<br><br>Постер қорғайды |

<table>
<tr><td></td><td>«Жариялау» әдісі<br>(Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (5 минут) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді.)</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Қолдану<br>3.Өлеңді суретпен толықтыр.<br><table><tr><td>Көп аузынан түспейтін<br>Отан деген немене?<br>Оның тұлға түс кейпін,<br>Достым, білгің келе ме?</td><td>Отан – сенің ата-анаң,<br>Отан – досың, бауырың,<br>Отан – өлкең, астанаң,<br>Отан – аудан, ауылың</td><td>Отан – жерім,<br>Отан – суым,<br>Отан қуат, нәр береді.<br>Отан – ұран,<br>Отан – туым,<br>Отан мәңгі гүлденеді.</td></tr></table></td><td>Оқулық,</td></tr>
<tr><td>Сергіту сәті</td><td>Сергіту сәті. Қыдырып қайтайық</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>Сабақты бекіту</td><td><br></td><td>Тақырып бойынша түйген білімдерін жазады.</td></tr>
<tr><td>Бағалау<br><br><br><br>Кері байланыс</td><td>Түсіндім Түсінген жоқпын Сұрағым бар – жолақтарына тұру<br>Туларды беру<br>Рефлексия «Екі жұлдыз бір тілек» –гүлге - Қазақстан гүлденсін деп тілек жазу<br>Стикерге Сабақта не ұнады/ұнамады соны жазу<br><br></td><td>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, тақтаға жабыстырады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Үйге тапсырма: оқу,мазмұндау.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс |

| Сабақ№3 | | |
|---|---|---|
| **Тақырыбы: Туған жерім- Қазақстан** | **Мектеп:** | |
| **Күні** | **Мұғалімнің аты-жөні :** | |
| **Сынып 2** | **Қатысып отырғандары** | **Келмегендер саны** |
| **Осы сабаққа арналған оқу мақсаты** | Оқушылардың туған жер туралы білімдерін кеңейту, ақпаратты өз бетінше меңгеруге ықпал ету, сыни тұрғыда ойлануға төселдіру, өз елін,жерін құрметтеуге тәрбиелеу. | |
| | **Барлық оқушылар істей алады:** Өзінің қайда тұратынын айта алады және Қазақстандағы үлкен қала туралы мәтіннің мазмұнын түсінеді, | |
| | **Оқушылардың көпшілігі істей алады:** Тақырып бойынша белсенді лексиканы қолдана алады, тақырып бойынша өзара тілдесе алады. | |
| | **Кейбір оқушылар істей алады:** Өздерінің туған жері туралы қосымша ақпарат бере алады | |
| | | |
| **Осының алдындағы оқу** | Туған жері, Отан туралы айтады. | |
| **Тілдік мақсат** | Туған жер, тұрамын, тұрмаймын, орналасқан. | |
| **Алдынғы оқу** | Осы тақырып бойынша алған білімдерін келесі сабақта қолдана алады. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін - өзі тану | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңдері** | **Жоспарланатын жұмыс** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **1.Ұйымдастыру.**<br>Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеремін. Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастырамын.<br>**Ертеңгілік шеңбер**<br>Амансың ба, алтын күн! (қолдарымызды жоғары көтереміз)<br>Амансың ба, көк аспан! (қолдарымызды одан жоғары көтереміз)<br>Амансың ба, достарым! (қолдарымызды жаямыз)<br>Көргеніме баршаны, (күлімдейміз)<br>Қуанышты мен бүгін. (алақанды соғамыз)<br>**2.Топқа бөлу (музыка ойнайды «Шашу» Мақпал Жүнісова)**<br>-Балалар қазақ халқында «Шашу» деген жақсы дәстүр бар. Үйге құрметті қонақтар келгенде, оларға шашу шашады. Мен де сендерге өз шашуымды әкелдім. Осы кәмпиттерді алып, үш топқа бөлінесіңдер (жасыл, сары, қызыл) | |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>

**1.Қызығушылықты ояту.**<br>
«Неткен сұлу қазақ жері » -бейнеролик.<br>
**Мақсатымен таныстыру**<br>
-Балалар, сабақта суретпен жұмыс жасаймыз ба?<br>
-Сонымен бірге сұраққа жауап беріп үйренеміз.<br>
**2.Ұжымдық жұмыс.**<br>
«Менің туған жерім – Қазақстан. Мен Қазақстанда тұрамын» деген сөйлем үлгілерімен таныстырамын. Оқушылар өздерінің Қазақстанда тұратындарын айта алуды үйренеді.<br>
Бейнеролик «Али мен Айя» -«Астанаға саяхат»<br>
-Али мен Айя қандай қалаға саяхат жасады? Олар Астанаға кіммен келді? Астанаға немен келді?<br>
-Қазақстандағы қандай қалаларды білесіңдер?<br>
-Мынау не? Медеу мұзайдыны қайда орналасқан?<br>
-Біз қай қалада тұрамыз?<br>
**Бағалау: өзің-өзі1.Мәтінді мұқият тыңда.**<br>
Туған жеріміз Қазақстанда телегей теңіз де, ұшар басын мәңгі қар басқан зеңгір тау да, көкпеңбек орман-тоғай да баршылық. Көз жеткісіз жазықтар мен қыраттар да аз емес. Ақ ұлпадай, аппақ ұнынан иісі бұрқыраған ақ нан пісірілетін ақ бидай да жерден өніп шығады. Әрбір адам үшін туған жерден ыстық, қадірлі, қымбат ештеңе жоқ. Өйткені сен ең алғаш жарық дүниеге келген сәтіңнен бастап, осы өлке саған алтын бесік – атамекен болып есептеледі.<br>
**Ұжымдық жұмыс**<br>
• Мәтіннен тірек сөздерді түртіп ал.<br>
• «Туған жер» дегенді қалай түсінесің? Суреттерді пайдаланып, әңгімеле.<br>
<br>
**2.Топтық жұмыс**<br>
Оқушыларға үш қиылған сурет таратамын.<br>
Тапсырма: суретті жинау, сұрақтарға жауап беріп, қысқаша мәтін құрастыру.<br>
**Бұл не? Ол қайда орналасқан? Қала қандай? Сен осы қалада тұрасың ба?**<br>
 <br>


</td>
<td>

https://www.youtube.com/watch?v=4vaL8iYCkZk<br>
Оқулық<br>
Аудиодиск: 6.1.2.;<br>
Аудиодиск: 6.1.4.<br>
Аудиодиск
</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Мынау-Бәйтерек. Ол Астанада орналасқан. Астана –әдемі қала. Мен Астанада тұрмаймын.<br>Мынау-Медеу. Ол Алматыда орналасқан. Алматы-үлкен қала. Мен Алматыда тұрмаймын.<br>Мынау-Тараз қаласы аркасы. Ол Тараз қаласында орналасқан. Тараз көне қала.<br>Бағалау: топтың жұмысын<br><br>3.Ұжымдық жұмыс<br>«Менің Отаным» тақырыбына эссе жазу<br>Бағалау<br>-Балалар, сабақ бойы өздерінді, достарыңды бағаладыңдар. Жақсы жұмыс істегендерін  үшін мен де баға қоямын.(смайликтер).<br>4. Жұптық жұмыс<br>«Қазақстан» сөзіне  бес жолды өлең құрастыру.<br>Не? ________________________________________<br>Қандай? ________________________________________<br>Не істейді? ________________________________________<br>Сөйлем  ________________________________________<br>Мәндес сөз ________________________________________<br>Рефлексия<br>-Алматының ағаштары қандай? Алматының алмалары қандай?  Алмаларды таңдап, сабақтан қандай әсер алғандарыңызды білдіріңдер.<br>-сабақ ұнады, бәрін түсіндім.<br>- сұрақтарым бар.<br>-қиын болды, түсінбедім.</td>
<td>Алма ағашы немесе алмалар</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Үйге тапсырма: оқу,мазмұндау.</td>
</tr>
<tr>
<td>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</td>
<td>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</td>
<td>Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **САБАҚ:№4**<br>**Тақырыбы: Астана-арман қала.** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімніңесімі:** | |
| **СЫНЫП:** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар: 0** |
| **Сабақ оқу мақсаты (мақсаттары)** | Елордасы Астана туралы жан- жақты білімдерін кеңейту,тереңдету, алған білімдерін тапсырмалар арқылы бекіту. Туған жеріне деген сүйіспеншілігін, туған қаламызға деген патриоттық мақтаныш сезімін туғызу, | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлықоқушылар:**<br>• Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>• Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>• Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. | |
| Бағалау критерийі | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.<br>Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. | |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. Акт слайд | |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. | |
| Пәнаралық байланыс | Музыка, қазақ тілі,тарих. | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
| Басталуы 5 минут | Топқа бөлу**2 минут**<br>Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын.Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады.<br><br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:** <br>3 минут<br>«Қызыл гүлім-ай» би | 1-топ «Сары кәмпиттер»<br>2-топ «Көк кәмпиттер»<br>3-топ «Қызыл кәмпиттер» |
| Ортасы 15 минут | ***<u>Білу және түсіну 10 минут</u>***<br>***<u>Саяхат жасау</u>***<br>**Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.**<br><br>**2.Түрлі дереккөздерден Астана қаласытуралы ақпарат жинақта және кестеге түсір.**<br>**3.Ауыл мен қала арасындағы айырмашылықты суреттеп жаз**<br><br>***<u>Қолдану 8 минут «Интервью» әдісі</u>*** **4.Қала немесе ауыл тақырыбында өлең құрастырыңдар.** | **«Әлемді шарлау»** әдісі арқылы түсіндіріледі.<br>***<u>«Интервью» әдісі</u>***<br>Оқушылар сұраққа жауаптарын жазып жабыстырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | 1 Қаланың бұрынғы атаулары қандай? ______<br>2 Қазақстанның қай бөлігінде орналасқан? ______<br>3 Қай өзеннің жағасында орналасқан? ______<br>4 Қалада қандай көрікті орындар бар? ______<br><br>...................................... тұрамын,<br>...................................... барамын.<br>...................................... аламын,<br>...................................... баламын. | Айырмашылығын жазады<br><br>Өлең құрастырады |
| Сергіту сәті<br>2 минут | ***«Қыдырып қайтайық!»***<br><br>***би билеу*** | «Қыдырып қайтайық!» биі |
| Аяқталуы<br><br>15 минут | **Ой-толғаныс.** Астана- бас қала. Эссе жазу. Оқып талдау жасау. Бәйтереккке шығу арқылы, сұрақтармен қорытындылау.<br>1. Астана қай өзеннің бойында орналасқан?<br>2. Бәйтеректің ұзындығы неше метр?<br>3. Астананың бұрынғы атауы? | Оқушылар кестемен жұмыс жасайды |
| Үйге тапсырма: Мәнерлеп оқу, дәптермен жұмыс. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бағалау<br><br>Кері байланыс<br>3 минут |  | Кері байланыс кемесі |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ№5** | | **Мектеп:** |
| **Сабақтың тақырыбы:**<br>**Сыпайылық деген не?** | | **Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Күні:** |
| СЫНЫП: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспаған оқушылар саны: 0 |
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | Сыпайылық туралы біледі. Қарым- қатынас түрі туралы түсінеді. Өз ойын толық жеткізе алады. Кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру достық, жақсылық, ар-ұят, қызмет ету, имандылық, инабаттылық, елін, жерін сүю – адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, оқушылардың бойына адамгершілікті сіңіру. | |

| | |
|---|---|
| Сабақ нәтижесі: | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.<br>**Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.<br>**Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**:<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| Бағалау критерийі | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. |
| Пәнаралық байланыс | Музыка, қазақ тілі. |
| Сабақтың жоспары | |

| Жоспарланған уақыт | Сабақ барысы : | Бағалау түрлері |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br>**5 минут** | **Ұйымдастыру кезеңі 2 минут**<br>**Топтарға бөлу.**<br>Киімдер бейнеленген карточкалар ұсыну. Оқушылар таңдаған киімдерге сай топтарға бөлінеді.<br><br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут**<br>**«Балалық шақтан қызықты оқиға»**<br>Мақсаты: эмпатияны дамыту.<br>Нұсқаулық: «Сіздердің алдыңызда қорапша тұр. Сол қорапшадан билет суыруларыңыз қажет. Ол билеттерде «Балалық шақ», «Балалық шақтан қызықты оқиға» билеті түссе, сол мұғалім өзінің балалық шақтан бастан өткізген қызықты оқиғасын айтып береді.<br>Талдау:<br>Өздеріңізді қалай сезінудесіз? | 1-топ: Жазушылар<br>2-топ: Зерттеушілер<br>3-топ: Суретшілер<br><br>**«Балалық шақтан қызықты оқиға»**<br>Тренинг. |
| Жаңа білім<br>10 минут | **Білу және түсіну**<br>Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.<br>Сыпайылық (әдептілік, изеттілік) — адамдарды сыйлау, қарым-қатынас пен өзара қатынастың күнделікті нормасы мен ережесіне айналған, айналадағылармен қарым-қатынас жасаудың әдетті тәсілі болып табылатын тұлғаның адамгершіліктік-психологиялық қасиеті, мінез бітісі. Сыпайылық – адам бойындағы құнды қасиеттердің бірі. Сыпайы болу, әйел затына да, ер адамға да тән. Әсіресе бұл | Оқулық, мәтіндер. |

| | | |
|---|---|---|
| | қасиет, қыз баласының бойынан табылу қажет., қуанышы мен мақтанышы.<br>**«Жариялау» әдісі**<br>(Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (5 мину) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді. | |
| Ортасы<br>10 минут | **Қолдану**<br>Оқулықпен жұмыс.<br>**1. Мәтінді оқы**<br>Ормандағы шағын алаңқайда отырған құстардың қасына қара қарға келіп қонды.<br>- Бүгін мен құстар патшалығына барып едім. Үкі мені патшалыққа кіргізбей қойды, - деді қарға мұңын шағып.<br>- Неліктен? – деп елең ете қалды басқа құстар.<br>- Сен тым дөрекісің. Саған сыпайылық жетіспейді. Ормандағы құстардан сыпайылықты үйреніп кел деді, - деп ренжіп қалған қарға көз жасын көлдете бастады. Құстар қарғаны жұбатып, сыпайылық туралы өз білгендерін жарыса айтып жатты.<br><br>**Талдау**<br>Жаңа тақырыпты ***Жигсо әдісі*** арқылы тақырыпты бөліктерге бөліп, оқуға тапсырма береді. Топтағы бір нөмірлі балалар бір мысалды қарастырып, бірге отырып талқылап, өз топтарына келіп түсіндіреді.<br><br>**2.Мәтінде кездесетін құстарды белгіле (✓).**<br>• Құстар қарғаға не айтты деп ойлайсың?<br>• Сенің ойыңша «сыпайылық» деген не? Берілген тірек сөздерді пайдаланып, түсіндіріп көр.<br><br>3. **Тірек сөздер:** мәдениетті болу, байыпты сөйлеу, жақсы әдеттер, жағымды қылықтар, үлкенді сыйлау, күлімсіреп жүру, қайырымдылық жасау, амандасу т.<br>**4.Өлеңді жаттап ал**<br>Дөрекі сөз айтпаңдар,<br>Жақсы істі жақтаңдар,<br>Сыйлап сынып қыздарын,<br>Әдепті бола бастаңдар,<br>Бүгіннен бастап бар бала,<br>Үлгілі мінез көрсетсін, | Сыныптағы белсенді оқушы басқаларға бағыт беріп отырады.<br>Топтық талқыға салады,ойлан ады.<br><br><br>Әр топ білесе отырып әңгіме жазады |

<table>
<tr><td></td><td>Сынайын достым досынды - ай,<br>Мін түзейік, осылай.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сергіту сәті</td><td>Сергіту сәті "Қара жорға</td><td>видеожазба</td></tr>
<tr><td>Кері байланыс</td><td>«Белгілер» әдісі<br>
</td><td>«Белгілер» әдісі. Рефлексия парағы.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Үйге тапсырма: Мазмұндау.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="2">Сабақ№6</td><td>Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақтың тақырыбы:Тәкәппарлық</td><td>Мұғалімнің аты-жөні:<br>Күні:</td></tr>
<tr><td>СЫНЫП:</td><td>Қатысқан оқушылар  саны:</td><td>Қатыспаған оқушылар саны: 0</td></tr>
<tr><td>Сабақ негізделген оқу мақсаттары</td><td colspan="2">Тәкәппарлық туралы біледі. Қарым- қатынас түрі туралы түсінеді. Өз ойын толық жеткізе алады. Кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру достық, жақсылық, ар-ұят, қызмет ету,  имандылық, инабаттылық, елін, жерін сүю – адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, оқушылардың бойына адамгершілікті сіңіру.</td></tr>
<tr><td>Сабақ  нәтижесі:</td><td colspan="2">Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды.  Жазба жұмыс жасайды.  Сұраққа жауап береді.<br>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен  жұмыс жасайды.<br>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td colspan="2">Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.</td></tr>
<tr><td>Ресурстар</td><td colspan="2">Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе<br>қағаздар  және  әртүрлі  заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.</td></tr>
<tr><td>Әдіс-тәсілдер</td><td colspan="2">Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.</td></tr>
<tr><td>Пәнаралық байланыс</td><td colspan="2">Музыка, қазақ тілі.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақтың жоспары</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td>Сабақ барысы :</td><td>Бағалау түрлері</td></tr>
<tr><td>Басталуы<br>5  минут</td><td>Ұйымдастыру кезеңі  2 минут<br>Топтарға бөлу.<br>Киімдер бейнеленген карточкалар ұсыну. Оқушылар таңдаған киімдерге сай топтарға бөлінеді.</td><td>1-топ: Жазушылар</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
